«Біртұтас ел - Біртұтас жер»
www.sarbaz.kz

# SARBAZ

Qyzyl Äsker
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА

№3 (2170) – 24 ҚАҢТАР 2025 жыл
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕР МЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІН ПЫСЫҚТАДЫ



***Тараз қаласында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының басшылығымен командалық-штабтық жұмылдыру жаттығуы өтті. Оның барысын Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов қадағалады.***



Бұрын мұндай жаттығулар шектеулі құрамда өткізілетін. Биыл Құрлық әскерлері Бас штабының бастығы генерал-майор Қуанышбек Үштаевтың басшылығымен өткен жұмылдыру жаттығуына алғаш рет жергілікті атқарушы органдардың өкілдері тартылды.

Оқу-жаттығу барысында Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстары, сондай-ақ Астана және Шымкент қалалары әкімдіктерінің жұмылдыру дайындығы, азаматтық және аумақтық қорғаныс басқармаларының бастықтары өзара іс-қимыл мәселелерін талқылап, проблемалық мәселелерді белгілеп, оларды шешу жолдарын бірлесіп іздеді.

Оқу-жаттығуда әскерлерді жоғары жауынгерлік дайындық жағдайына келтіру, жұмылдыру ресурстары мен техниканы жеткізу мәселелері бойынша жергілікті әкімдіктердің өзара іс-қимыл тетіктері пысықталды.

– Әкімдіктердің қатысуы бізге өңірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін армия мен жергілікті атқарушы органдардың ресурстарын интеграциялау алгоритмін пысықтауға мүмкіндік берді. Барлығы бірдей үйлесімді әрекет ету үшін жасалуда, – деп бөлісті Құрлық әскерлері Бас штабының бастығы генерал-майор Қуанышбек Үштаев.

Командалық-штабтық жұмылдыру оқу-жаттығуы ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға жасалған маңызды қадам болды. Оған барлық деңгейдегі билік өкілдерінің қатысуы ықтимал қауіптерге тиімді әрекет ету үшін әскери және азаматтық құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды едәуір нығайтты.

## ТӘРБИЕ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ОФИЦЕРЛЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА

***Кәсіби мерекеге орай ҚР Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында әскерлердің оқу-жауынгерлік қызметін моральдық-психологиялық тұрғыда қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, әскери қызметшілердің отбасыларымен, ардагерлермен және жастармен жұмыс істеуге жауапты офицерлер жиналды.***

Командирлердің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарлары институтының құрылуы 1993 жылғы 19 қаңтарда ҚР Президентінің Қарулы Күштерге тиісті лауазым енгізу туралы Жарлығының шығуымен байланысты.

Салтанатты жиынға Құрлық әскерлерінің, Әуе қорғанысы күштерінің, әскери оқу орындарының, тыл және қару-жарақ бастықтары басқармаларының, Қорғаныс министрлігінің Бас инспекциясының, Бас әскери-медициналық басқарманың, Әскери полиция бас басқармасының, Армия орталық спорт клубының, Ақмола өңірлік гарнизонында орналасқан әскери бөлімдердің тәрбие құрылымдары офицерлері және олардың отбасы мүшелері қатысты.

Қатысушыларды Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев мерекемен құттықтап, ардагерлердің дәстүрлерді қалыптастыруға және жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуге қосқан үлесін атап өтті.

– Идеология және әскери-патриоттық тәрбие, моральдық-психологиялық тұрақтылық пен әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелері, ардагерлермен және жастармен жұмыс – бұл сіздер атқаратын міндеттердің негізі ғана. Сіздер әскер ұжымдарын біріктіру, әскери қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, әскери қызметтің имиджін нығайту бойынша үлкен жұмыс жүргізесіздер. Қарулы күштер ауқымында бір-де-бір іс-шара сіздерсіз өтпейді, – деп генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев офицер-тәрбиешілер қызметінің маңыздылығын атап өтті.

Ол сондай-ақ әріптестеріне білім беру құрылымдарының офицерлері қатысатын алдағы іс-шаралар туралы хабардар етті.

– Өткен жыл қазақ халқының даңқты батырлары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығын атап өттік. Биылда маңызды шаралар легі көп. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы жақындап келеді. Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың жүз жылдығына орай, ол туған Ақтөбе облысында «Айбын» халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өтеді, – деді министрдің орынбасары.

Іс-шара ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының шығармашылық ұжымы дайындаған мерекелік концертпен аяқталды.










ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ
ТӘРБИЕШІЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ШАРА
3 - бетте



СОБЕСЕДНИК
КУРС – НА УКРЕПЛЕНИЕ МИРА И СОТРУДНИЧЕСТВА
Стр. 4



ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ
«ТЕМІР ГЕНЕРАЛ» АТАНҒАН ҚАЗЫҒҰРТ ҚЫРАНЫ
7 - бетте

# ДЛЯ РЕШЕНИЯ САМЫХ СЛОЖНЫХ ЗАДАЧ

***Военнослужащие Сил специальных операций отметили профессиональный праздник. Командование Сил специальных операций Вооруженных Сил РК (ССО) было создано Указом Президента 19 января 2022 года.***



Воинское формирование предназначено для решения специальных задач по обеспечению обороноспособности и военной безопасности страны. При необходимости подразделения ССО участвуют в антитеррористических операциях, оказывают противодействие незаконным вооруженным формированиям.

В Силах специальных операций внедрены новые программы боевой, командирской подготовки, курсы стрельб из стрелкового оружия, минометов и вооружения боевой техники. Документы переработаны с учетом системы подготовки спецназа стран, имеющих боевой опыт.

Упор делается на качество обучения личного состава, слаженность частей непосредственного подчинения и компонентов Сил специальных операций. Особое внимание уделяется применению беспилотных технологий и подготовке специалистов этого профиля.

Военнослужащие Сил специальных операций – участники многих республиканских и международных учений, курсов по выживанию в сложных климатических условиях, высотным прыжкам, огневой и горной подготовке. В составе сборной команды Министерства обороны они являются двукратными обладателями Кубка по рукопашному бою среди силовых органов Казахстана, трехкратными и абсолютными чемпионами СНГ. По итогам соревнований в 2024 году военнослужащие Сил специальных операций завоевали 83 медали различного достоинства.

Командование Сил специальных операций целенаправленно занимается формированием резерва профессионально подготовленных военнослужащих. С этой целью организовано квалификационное испытание, по результатам которого 29 военнослужащих заслужили право ношения бордового берета – символа воинской доблести, мужества и отваги.

Сегодня это специально обученное, технически оснащенное, хорошо экипированное передовое формирование Вооруженных Сил готово к выполнению самых сложных задач по защите интересов государства и обеспечению его обороноспособности.



# УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ТРАНСПОРТНИК

***Летчики Военно-воздушных сил успешно осваивают летную технику, поступающую на вооружение казахстанской армии от авиаконцерна Airbus Military. Они провели учебно-тренировочный полет на самолете А-400М.***



Контракт Министерства обороны Казахстана на поставку самолета А400М с европейской компанией предусматривает услуги по обучению летного и инженерного персонала, а также организацию технической поддержки.

Поэтому первые полеты на многоцелевом воздушном судне А400М осуществляются совместно со специалистами концерна Airbus Military. На этот раз летный экипаж алматинской авиационной базы осуществил учебно-тренировочный полет по маршруту Алматы – Талдыкорган и обратно.

Летчики отработали весь комплекс упражнений – от взлета до посадки, включая полеты по маршруту и выполнение маневров по кругу. При этом внимание уделялось совершенствованию навыков управления самолетом, отработке взаимодействия экипажа и обеспечению безопасного выполнения транспортных задач.

– Самолет А-400М обладает уникальными характеристиками и предназначен для выполнения задач оперативно-стратегического характера. По мощности его один полет равен шести самолетам С-295. Наши летчики прошли обучение в Испании. Теперь учебно-тренировочные полеты со специалистами компании Airbus проводим у нас. Они показывают нам все возможности самолета. Уже летали в города Балхаш, Актау, Атырау, – прокомментировал процесс обучения командир литерного отряда авиационной эскадрильи военно-транспортной авиации подполковник Асылбек Жумабаев.

Напомним, многоцелевой самолет способен преодолевать межконтинентальное расстояние до 8000 км. Его максимальная скорость 802 км в час, высота полета – 12 200 метров, грузоподъемность – 37 тонн, вместимость около 100 человек.

По словам специалистов, самолет предназначен для транспортировки тяжелой техники, включая бронетранспортеры, артиллерийские установки и вертолеты. Он может использоваться для оперативной доставки гуманитарной помощи в условиях чрезвычайных ситуаций и для переброски войск.

Универсальный транспортник может садиться не только на бетонную взлетно-посадочную полосу, но и на неподготовленную – грунтовую.

По плану поставок следующий военно-транспортный самолет Airbus А-400М прибудет в Казахстан в 2026 году.

# ДЕСАНТНИКИ ПРЕДОТВРАТИЛИ ЗАТОПЛЕНИЕ ПОСЕЛКА

***Плюсовая температура на юго-востоке страны вызвала таяние снега в горах. Под угрозой подтопления оказалось село Жармухамбет на границе Илийского и Карасайского районов Алматинской области. Имея опыт участия в противопаводковых мероприятиях, на помощь жителям поселка пришли военнослужащие Десантно-штурмовых войск.***



В селе Жармухамбет проживают около 10 000 человек. Всю прошлую неделю погода стояла теплая и уровень воды в реке значительно поднялся. Местами она начала заливать дворы жилых домов. После экстренного совещания, проведенного акимом Илийского района, было принято решение обратиться за помощью к командующему Десантно-штурмовыми войсками Вооруженных Сил Республики Казахстан.

- Генерал-майор Алмаз Джумакеев направил на подмогу жителям села 43 военнослужащих-десантника для проведения работ по укреплению береговой линии реки. Солдаты работают очень оперативно, почти без отдыха. Жители поселка Жармухамбет искренне благодарны им за помощь, - рассказал заместитель акима Илийского района Алматинской области Алмас Букенаев.

За два дня работы в целях недопущения подтопления жилых массивов выложено свыше 800 метров водозаградительных сооружений, в том числе свыше 2500 мешкотары.

Напомним, что весной прошлого года военнослужащие Десантно-штурмовых войск приняли участие в противопаводковых мероприятиях в Западно-Казахстанской области. 300 десантников укрепляли берега рек Жайык, Чаган, Деркул и их притоков в Чапаевском, Жайыкском, Теректинском, Дарьинском и других пригородных районах.

# КАЧЕСТВУ ПОДГОТОВКИ – ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ

***Главнокомандующий Сухопутными войсками Вооруженных Сил Республики Казахстан генерал-майор Мереке Кучекбаев совершил рабочую поездку в воинские части и подразделения Гвардейского и Актюбинского гарнизонов.***



Пребывая в Гвардейском гарнизоне, генерал-майор М. Кучекбаев осмотрел объекты инфраструктуры, учебно-материальную базу полигонов, военный городок, социальные и культурно-досуговые учреждения. В учебном центре подготовки младших специалистов проверил учебно-воспитательный процесс, обратил особое внимание на качество подготовки.

В Актюбинском гарнизоне главнокомандующий Сухопутными войсками ВС РК на базе воинской в части 30238 проверил ход проведения совместной штабной тренировки по вопросу организации специальных войсковых действий.

Кроме того, в двух гарнизонах проведен отбор женщин-военнослужащих для участия в военном параде, который приурочен к празднованию 80-летия со дня Победы в Великой Отечественной войне. Посещая воинские части, с целью изучения морально-психологического климата - воинских коллективах проведены встречи со всеми категориями военнослужащих.

По итогам поездки главнокомандующим СВ ВС РК командованию воинских частей даны поручения по качественному выполнению мероприятий повседневной служебной деятельности войск.

# ТӘРБИЕШІЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ШАРА



***Қаланың көрме орталығында Шымкент гарнизонының әскери бөлімдері, жергілікті әскери басқару органдары, оқу орындары командирлерінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасарларын және олардың отбасы мүшелерін, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мен ардагерлерді жинады.***

Бағдарлама Қазақстан армиясындағы тәрбие жұмысы институтының қалыптасу тарихы туралы деректі фильм көрсетуден басталды. Содан кейін гарнизон бастығы, подполковник Айдос Исаев құттықтау сөз сөйлеп, гарнизондағы тәрбие және идеологиялық жұмыс органдарының жетістіктерін атап өтті.

– Тәрбиешілер институтының жұмысы – қажырлы және маңызды еңбек. Олар әскери қызметшілермен және олардың отбасыларымен өзара іс-қимыл жасап қана қоймай, ұжымдарда жоғары моральдық-психологиялық жағдайды сақтауға ықпал ететін сенімділік қатынастарын қалыптастырады, - деп атап өтті Айдос Исаев.

Шара барысында ұрпақтар сабақтастығына да ерекше назар аударылды. Қызметі тәрбие жұмысымен тығыз байланысты Қарулы Күштердің ардагерлері де өз алғыстарын жеткізіп, бірнеше әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне армия дәстүрлерін дамытуға қосқан үлестері үшін алғыс хаттарымен марапаттады.

– Көптеген ардагерлер жастардың патриоттық тәрбиесіне өз үлестерін қосуды жалғастырып жатқанын көру маңызды. Ұрпақтардың бұл сабақтастығы – біздің ортақ болашағымыздың кілті, - деп атап өтті запастағы полковник Реймбай Халмуратов.

Іс-шара соңында тәрбие құрылымдарының үздік әскерилері грамоталармен және алғыс хаттармен марапатталды. Мереке қонақтарға жарқын эмоциялар мен мерекелік көңіл-күй сыйлаған концерттік бағдарламамен аяқталды.

**Шымкент гарнизонының баспасөз қызметі**

# ТӘРБИЕШІ ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИЫНЫ

***Қарағанды гарнизонында «Астана» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери бөлімдер командирлерінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарларының қатысуымен оқу-әдістемелік жиын ұйымдастырылды. Бұл жиын әскери тәрбие мен идеологияны дамыту мақсатында маңызды қадам болып табылады.***



Егемен елдің дербес әскерінің болуы уақыт талабынан туындады. Заманның қиындығына, жағдайдың ауырлығына қарамай әскеріміз нық қаз-қаз тұрып, сенімді тәй-тәй басып кетті. Мемлекеттік маңызы бар бұл іске тәрбие құрылымының офицерлері де бір кісідей атсалысты. Әскеріміздің іргетасын қалаған тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың алғашқы 4 орынбасарының бірі осы тәрбие бағытына жауапты тұлғаның болуы көп жайды аңғартса керек.

«Тәрбие жұмысы» деген айтуға ғана жеңіл, астарына үңілсек, әскери адамның құқығы, әлеуметтік қорғалуы тәрізді мәселелер кешені топтасқан. Осы ауыр жүкті абыроймен көтере білді. Алғашқы жылдары Тәрбие жұмысы басқармасының (кейіннен Департамент мәртебесін алды) тізгінін генерал-майор Айтқали Есенғұлов ұстады. Білімді, тәжірибелі, тек әскери емес, жалпы өмірдің ыстық-суығын көрген офицер. Қорғаныс министрлігінде әр тоқсанда бір рет жоспарлы түрде әскери алқа жиыны болып тұратын. Өзекті деген 3-4 мәселе қарастырылады. Тылдық қамтамасыз ету, жауынгерлік дайындық барысы, қысқа әзірлік тәрізді мәселелер талқыланатын. Біраз сұрақтар 2-3 жиыннан кейін қайталанып отырса, тәртіп, тәрбие мәселесі күн тәртібінен түспейтін. Әскери тілші ретінде сол алқа жиындарының біразына қатыстым. Бас әскери прокурор генерал-лейтенант Юрии Хитриннің «әскерде тәрбие жұмысы жоқ, түсіндірме жұмысы жүргізілмейді» деген сынына Айтқали Ғұсманұлының «заңдылық сақталмайды, жүздеген сарбаз ешбір үкімсіз гауптвахтада отыр» деп қарсы сын айтқаны есімде. Бұл бір ғана мысал. Осындай қызылшеке дау-дамайды кез келген мәселе бойынша байқауға болатын. Форма киген адамның абыройын, құқығын қорғауда генерал өзі пана бола білді, ондаған-жүздеген қарамағындағы тәрбиеші-офицерлерге үлгі бола білген еді. Жалпы, офицерлер корпусында тәрбиеші офицерлердің алатын орны ерекше. Мектеп бітірген бозбалаға әскер қатарында қызмет етудің асыл парыз сүйектен өте жеткізе білуі, мамандық таңдаудың бағыт-бағдарын көрсетуден бастап отансүйгіштік пен ұлтжандылық қасиеттердің бойға қалыптасуы сынды сұрақтарда үнемі көштің басында жүрді. Бір сөзбен айтқанда, тәрбиеші-офицерлер әр кезде де өздеріне сеніп тапсырылған сенім туын жоғарыдан желбірете білді.

Тарихқа шамалы шегініс жасасақ, тәрбиеші офицерлердің жүріп өткен жолы мақтауға да, мақтануға да лайық. Ұлы Отан соғысынан кейін майдангерлерге естелік жазуға тыйым салынған. 1965 жылы ғана мемлекет басшылығы естелік, мемуарларға мүмкіндік берген. Естеліктердің басым көпшілігінде жауынгерге рух берген жүректен шыққан жалынды сөз екені, ол сөзді көбіне комиссарлардың айтқаны тілге тиек етті. Нәтижесінде, 60-шы жылдардың ортасында «адам жанының инжинерлері» атанған тәрбиеші офицерлерді даярлайтын арнайы оқу орындарын ашу туралы шешім қабылдаған. Бір мезгілде 10-нан астам әскери-саяси училищелер бой көтерген. Қазақ әскерінің сапында тұрған тәрбиеші-офицерлерінің басым көпшілігі осы білім ошақтарының түлектері болды. Бұл ретте ең алғашқы толқын полковниктер Шәмтиев, Баиров, Кашталян, Мешков, Зайцев, Есенов, Воронин, 1 рангалы капитан Жанпейсов, кейінгі ұрпақ өкілдері Мұғалов, Кәрібжанов, Қайырханов, Қаһарманов, Дон тәрізді ондаған білікті офицерлердің есімдерін атауға болады. Уақытпен, табиғат ерекшеліктерімен санаспай, шалғайдағы гарнизондарда жеке құрамның жанында тер төгіп жүрген тәрбиешілер қаншама. Әрқайсысына мақтау, мадақтау айтса, артық болмайды.

19 қаңтар – Қазақстан әскерінің айтулы бөлігі, тәрбиеші офицерлердің кәсіби мерекесі. Салаға қатысы бар барша азаматтарды айтулы мерекемен құттықтаймыз.

**Запастағы подполковник Сәндібай КҮМІСБЕКОВ**



# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ СЫЙЛАДЫ

***«Астана» өңірлік қолбасшылығы 31775 әскери бөлімінің әскери қызметшілері Қазақстанның тәрбие құрылымдары күніне орай Қарағанды қаласының тұрғындары үшін мереке ұйымдастырды. Мерекелік концерттер қаланың ең танымал сауда орталықтары «Умай» және «Global city» орындарында өткізілді.***

Мерекелік іс-шара аясында қызықты концерттік бағдарлама ұсынылды, оған оркестр және әскери әншілер қатысты. Әскери музыканттардың орындаған патриоттық әуендер тыңдаушыларда ерекше әсер қалдырды. Қала тұрғындары әскери марштар мен Отанға және әскери даңққа арналған әдемі, жүрекжарды әндерді тыңдай алды.

Арнайы балалар мен нәзік жандыларға назар аударылды, олар үшін әскери қызметшілер жағымды тосын сыйлар әзірлеген. Кішкентай қонақтар тәттілермен қуантылды, ал нәзік жандылар гүлдермен марапатталды.

Әскери қызметшілер ұйымдастырған мереке армия мен азаматтық тұрғындардың мәдениет, дәстүрлер мен өзара құрмет арқылы біріге алатындығының жарқын үлгісіне айналды. Бұл іс-шара қала тұрғындарының жүректерінде ең жылы естеліктер қалдырды және әскери қызметтің патриоттық тәрбие мен әлеуметтік жауапкершілік маңыздылығын тағы да айқындады.

– Маған әскери қызметшілер қала тұрғындары үшін ұйымдастырған концерт қатты ұнады. Олар орындаған музыка патриоттық сезімге толы болды және мен өз елім мен оны қорғауға дайын адамдар үшін мақтаныш сезімін сезіндім, - деп өз әсерімен бөлісті қала тұрғыны Лаура Оңғар.

# АЙТУЛЫ КҮНДЕГІ ПРЕСС-ТУР

***21 қаңтар – Инженерлік әскердің құрылған күніне орай «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының 54770 әскери бөліміне жергілікті БАҚ өкілдері пресс-турға шақырылды.***

Журналистерге мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің әскери жолдарды барлау және минасыздандыру бойынша қимыл-әрекеті көрсетілді. Сарбаздар берілген тапсырманы ойдағыдай орындады. Сабақ барысына офицерлер мен сержанттар жетекшілік етті.

Мерзімді әскери қызметшілердің күнделікті ас мәзірімен бөлім командирінің тыл жөніндегі орынбасары майор Руслан Дүйсеков таныстырды. Оның айтуынша, мерзімді әскери қызметшілердің күнделікті қолданыстағы азық-түлік нормасы ҚР Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен бекітілген. Ол жерде жалпыәскери бірінші норма қарастырылған. Осы азық-түліктерден әскери қызметшілерге апталық ас мәзірі жасалады. Мереке күндері қосымша мерекелік үлес, яғни қосымша жеміс-жидек, тәттілер және ұлттық тағамдар ұсынылады.

«Инженерлік әскер Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде маңызы зор әскерлердің бірі болып саналады. Қазіргі бейбіт заманда инженерлік әсер тек қана жауынгерлік тапсырмаларды орындау үстінде. Біздің әскерилер Арыс қаласындағы оқ-дәрілер арсеналының техникалық аймағын әскери үлгідегі жарылғыш заттардан тазарту және өрт зардаптарын жоюда қауіпсіздік шараларын сақтау міндеттерін сапалы орындады. Қостанай облысындағы және «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының орман шаруашылығында шыққан өрттің салдарын тазартуға да бар күштерін салды. Сондай-ақ, бөлім әскерилері Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы миссиясына алғашқы бітімгершілік рота жасақталған күннен бастап қатысып келеді. Бұл күндері Ливан жеріндегі бейбітшілікті сақтауға үлес қосып жүрген тағы 2 әскери қызметшіміз бар. Осы сәтті пайдалана отырып, барша инженерлік әскердің жеке құрамын кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Инженерлік әскерлер әрқашан жасай берсін! Қазақстан Республикасының инженерлік әскері әр уақытта, күн демей, түн демей, жауынгерлік тапсырмаларды орындауға дайын», - деді тілшілерге сұхбат берген 54770 әскери бөлім командирі подполковник Қанат Тәңірбергенов.

Бүгінгі күні еліміздің инженерлік әскерінде қызмет ететін әскерилер жүктелген міндетті кәсіби біліктілігімен атқарып келеді. ҚР Қарулы Күштерінің инженерлік әскері – жеке құрамның арнайы дайындығы мен инженерлік қару-жарақ құралдарын пайдалануды талап ететін, жалпыәскери операцияларды (жауынгерлік қимылдарды) инженерлік қамтамасыз етуде ерекше күрделі міндеттерді орындауға, инженерлік оқ-дәрілерді қолдану арқылы қарсыласты жоюға бағытталған арнайы әскер. Оның құрамына инженерлік-саперлік, инженерлік-жол, понтондық және тағы басқа құрылымдар кіреді. Бүгінгі күні әскердің бұл түрі инженерлік қару-жарақ құралдарымен, әскери техникамен, әрі білікті мамандармен жан-жақты жабдықталған. Қойылған міндеттерді мотоатқыштар, зымыран әскерлері, артиллерия, танк және тағы да басқа әскер түрлерімен біріге жүзеге асырады.

**Алуа Искакова**
**Суретті түсірген автор**





# КУРС – НА УКРЕПЛЕНИЕ МИРА И СОТРУДНИЧЕСТВА

***О векторах международного военного сотрудничества, участии казахстанских военнослужащих в миротворческой деятельности, а также современных вызовах и угрозах безопасности мы поговорили с начальником Департамента международного сотрудничества МО РК полковником Олжасом Хусаиновым.***

**- Олжас Сагындыкович, расскажите о задачах и основных направлениях деятельности Департамента международного сотрудничества МО РК.**

- Целями международного военного сотрудничества являются участие в создании необходимых условий для обеспечения военной безопасности государства и защиты его национальных интересов, а также укрепление взаимодействия с государствами, направленное на обеспечение международной и национальной безопасности.

Это сотрудничество осуществляется в контексте двусторонних и многосторонних отношений, а также в рамках участия Республики Казахстан в международных и региональных организациях (ООН, ОБСЕ, СВМДА, ОДКБ, ШОС, СНГ), исходя из принципов многовекторности внешней политики, прагматизма, внешнеполитической и экономической целесообразности, с целью сбалансированного решения задач обеспечения военной безопасности государства.

**- Какие наиболее значимые события и итоги в области международного военного сотрудничества в 2024 году Вы можете отметить?**

- В 2024 году проведено более 850 мероприятий международного военного сотрудничества, в том числе более 30 международных учений и соревнований, где казахстанские военнослужащие приняли участие в качестве участников и наблюдателей.

Основными мероприятиями международного военного сотрудничества в 2024 году стали председательство Казахстана в Организации Договора о коллективной безопасности и Шанхайской организации сотрудничества.

Проведены Совещание министров обороны государств-членов ШОС 26 апреля 2024 года в Астане и заседание Совета министров обороны ОДКБ 31 мая 2024 года в Алматы. По итогам подписан ряд документов, направленных на развитие сотрудничества в рамках данных организаций.

В 2024 году в Казахстане проведено девять международных учений:

- международное региональное учение «Бірлестік» (с участием Азербайджана, Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана);
- учение «Дала Сункары» (с Кыргызстаном);
- учение «Вершина братства» (с Беларусью);
- учение «Алтын Кыран» (с Азербайджаном);
- объединенное многонациональное учение сил специального назначения «Безграничное братство» (с участием Азербайджана, Турции, Катара, Пакистана, Узбекистана);
- «Ашык Аспан» (в воздушном пространстве Казахстана и Узбекистана);
- военно-морское учение в акватории Каспийского моря с Российской Федерацией;
- совместные учения с Коллективными миротворческими силами ОДКБ «Нерушимое братство»;
- совместное казахстанско-белорусское ТСУ в условиях горно-пустынной местности «Орбулак».

Кроме этого, парадный расчет Вооруженных Сил Республики Казахстан принял участие в параде по случаю Дня Независимости Республики Беларусь (в июле 2024 года).

В июне 2024 года в Казахстане проведен международный военно-патриотический сбор «Айбын» с участием иностранных команд.

**- В 2024 году наша страна председательствовала в Организации Договора о коллективной безопасности и Шанхайской организации сотрудничества. Каких результатов удалось достичь в вопросах укрепления сотрудничества в области безопасности и обороны на международной арене?**

- В рамках ШОС министр обороны Казахстана предложил разработать и принять в рамках Организации соглашение о мерах доверия в военной области. Данная инициатива поддержана Президентом Республики Казахстан в его выступлении на Саммите глав государств 4 июля 2024 года в Астане. В настоящее время проект Соглашения находится на рассмотрении в государствах-членах ШОС.

В ходе сессии Совета коллективной безопасности ОДКБ 28 ноября 2024 года подписаны два протокола:

- о внесении изменений в Соглашение о статусе формирований сил и средств системы коллективной безопасности Организации Договора о коллективной безопасности от 10 декабря 2010 года;
- о внесении изменений в Соглашение о сотрудничестве государств – членов Организации Договора о коллективной безопасности в области перевозок воинских и других формирований, их движимого имущества, а также продукции военного назначения от 15 сентября 2015 года.

Внесение изменений в указанные соглашения направлены на совершенствование нормативно-правовой базы Организации по вопросам обеспечения оперативного перемещения Войск (Коллективных сил) ОДКБ (вопросы беспрепятственного (беспосадочного) транзита контингентов, полетов военной авиации, и др.).

**- Какие Вы можете выделить наиболее острые проблемы в области безопасности в регионе? Какая проводится работа по их решению, и какие инициативы выдвигает казахстанская сторона на международной арене?**

- Ситуация в мире остается неспокойной, и мы должны быть готовы к различным вызовам и угрозам, актуальным не только для наших стран, но и для всего мирового сообщества.

Современные вызовы и угрозы безопасности носят глобальный характер. Ежегодно в мире отмечается значительный рост региональных и локальных конфликтов. На этом фоне усиливается угроза международного терроризма.

Необходимо признать тот факт, что международные террористические и религиозные экстремистские организации трансформировались в глобальные угрозы и вызовы и приобрели новый облик, достигнув невероятных возможностей. Сегодня они способны поставить под угрозу целостность государства и стабильность региона.

Казахстан решительно осуждает терроризм во всех его проявлениях.

За последнее время мы стали свидетелями ряда резонансных террористических актов.

Ключевое влияние на безопасность Центрально-Азиатского региона оказывает ситуация в Афганистане, которой следует уделять повышенное внимание в целях недопущения использования территории этой страны международными террористическими группировками.

Важно продолжать усилия по предотвращению гуманитарного кризиса и созданию условий для долгосрочной стабилизации.

Нам необходимы совместные и эффективные меры борьбы с этими угрозами. Важное практическое значение имеют проводимые на регулярной основе мероприятия совместной подготовки органов управления и войск (учения, тренировки, переговоры, встречи и другие) как на двусторонней основе, так и в многостороннем формате. В ходе учений отрабатываются вопросы слаженности подразделений в выполнении задач по подготовке и ведению совместных операций.

Так, в 2024 году стало значимым впервые проведенное региональное командно-штабное учение «Бірлестік-2024» с участием подразделений Азербайджанской Республики, Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Республики Таджикистан, Республики Узбекистан.

Приоритетами в международном сотрудничестве в 2025 году для казахстанских Вооруженных Сил будут:

1) боевая подготовка, включая подготовку к выполнению задач по предназначению при обеспечении коллективной безопасности;

2) совершенствование взаимодействия сил и средств коллективной безопасности, развитие форм и способов ведения совместных действий;

3) миротворческая подготовка, языковая подготовка;

4) обмен опытом в сфере военного образования и подготовки кадров, использования беспилотных систем;

5) подготовка сил специальных операций, подразделений РЭБ, ПВО, кибербезопасности;

6) повышение потенциала военно-транспортной авиации;

7) военно-техническое сотрудничество для оснащения Вооруженных Сил современным вооружением и военной техникой.



**- В каких международных учениях примут участие казахстанские военнослужащие в 2025 году?**

- В текущем году в рамках ОДКБ пройдут:

- специальные учения с силами и средствами разведки «Поиск-2025», с силами и средствами материально-технического обеспечения войск ОДКБ «Эшелон-2025», совместное учение с КСОР ОДКБ «Взаимодействие-2025». Эти учения пройдут в Беларуси в сентябре;
- в октябре в Таджикистане запланированы совместные учения с миротворческими силами ОДКБ «Нерушимое братство-2025» и с совместным подразделением РХБЗ и медицинского обеспечения «Барьер-2025»;
- в сентябре в Кыргызстане пройдут совместные учения с Коллективными силами быстрого развертывания Центрально-Азиатского региона «Рубеж-2025».

В рамках СНГ пройдут совместные учения войск ПВО с боевой стрельбой «Боевое содружество-2025» на полигоне «Сары-Шаган».

Также спланировано проведение ряда учений в двустороннем формате: в Пакистане «Достарым», в США «Региональное сотрудничество-2025», в Турции «Кыш», «Анадолу» и «Кабылан жолы», в Узбекистане «Хамкорлик» и «Канжар».

**- Как известно, Министерство обороны ведет активную работу по расширению географии присутствия казахстанских военнослужащих в миротворческих операциях ООН.**

- В рамках расширения географии и диверсификации участия казахстанских военнослужащих в миротворческих операциях (миссиях) ООН, 15 марта 2024 года первый национальный контингент РК в составе 139 военнослужащих (из них семь женщин-военнослужащих), 26 единиц военной техники направлен в миссию ООН на Голанских высотах (Сирия).

5 октября 2024 года в миссию ООН на Ближнем Востоке (Израиль-Палестина) направлен первый военный наблюдатель от Казахстана. Таким образом, география участия казахстанских миротворцев в миссиях ООН расширилась до шести миссий в Африке и на Ближнем Востоке (Западная Сахара, Центральноафриканская Республика, Демократическая Республика Конго, Ливан, Голанские высоты (Сирия), Израиль-Палестина).

30 ноября 2024 года в миссию ООН на Ближнем Востоке дополнительно направлен один офицер (женщина-военнослужащая). Также проведены плановые ротации военных наблюдателей и штабных офицеров в указанных миссиях.



**- Расскажите о подготовке и задачах казахстанских миротворцев, несущих службу на Голанских высотах. Планируется ли увеличение контингента?**

- Военнослужащие в целях постоянного обеспечения высокого уровня профессиональной и полевой выучки, боевой готовности, оперативной совместимости подразделений для успешного выполнения миротворческих задач совершенствуют свой уровень профессиональной подготовленности, физическую выносливость путем различных теоретических практических занятии, лекций, тренировок.

Наш контингент является резервом командующего миссии Силами ООН по наблюдению за разъединением. Основная задача резерва - служба в качестве группы быстрого реагирования. В ее обязанности входит, усиление и охрана миротворческих баз ООН, сопровождение и эвакуация персонала ООН, патрулирование в зоне ответственности миссии и уничтожение взрывоопасных предметов.

Увеличение национального контингента на Голанских высотах не планируется.

**- Отдельно просим остановиться на участии казахстанских военнослужащих в миротворческих миссиях в странах Африки. Какие они выполняют задачи, и насколько, на Ваш взгляд, важен и полезен этот опыт?**

- Казахстан активно участвует в миротворческих миссиях ООН, и вносит вклад в поддержание мира и стабильности в разных регионах мира, включая страны Африки (ЦАР, ДРК, Западная Сахара). Участие Казахстана в миротворческих миссиях является важной частью внешней политики страны, направленной на укрепление международной безопасности, стабилизации конфликтных ситуаций.

Наши военнослужащие несут службу в качестве военных наблюдателей и штабных офицеров. Основными их задачами является осуществление патрулирования, надзор или мониторинг соглашения о прекращении огня, обеспечение безопасной и стабильной среды и содействие политическому процессу.

Направление военнослужащих в миротворческие миссии ООН способствуют приобретению необходимого опыта прохождения службы в сложных условиях и последовательному совершенствованию боевой подготовки ВС РК.

**- Одной из важных составляющих международного сотрудничества является военное образование. В каких странах сегодня обучаются военному делу казахстанские защитники Родины?**

- В соответствии с потребностью Вооруженных Сил, Министерство обороны Республики Казахстан ежегодно формирует заявку на подготовку военных кадров по определенным ВУС в вузах иностранных государств (курсанты, офицеры, курсовая подготовка офицеров).

В вопросах военного образования Министерство обороны Республики Казахстан сотрудничает с военными ведомствами около 20 стран мира.

Военнослужащих ВС РК на безвозмездной основе проходят краткосрочные курсы за рубежом, в 2024 году всего прошли курсы более 300 военнослужащие ВС РК (языковая подготовка, кибербезопасность, медицинская, боевая подготовка, СпН, РХБЗ, гидрография, БПЛА, разминирование, миротворчество, разведка, верификаторы и др.). Так, в 2024 году военнослужащие прошли курсы в Турции, России, Пакистане, Индии, США, Италии, Польше, Франции, Великобритании, Германии, Австрии, Канаде, Корее, Китае, Азербайджане, Узбекистане, Литве.

**- Назовите страны-партнеры, с которыми осуществляется наиболее тесное военное сотрудничество, и по каким направлениям?**

- Минобороны Казахстана продолжает развивать военное сотрудничество, чтобы обеспечить национальную и коллективную безопасность.

В настоящее время международное военное сотрудничество осуществляется с более 40 странами.

На двусторонней основе осуществляется с Российской Федерацией, Китайской Народной Республикой, странами Центрально-Азиатского региона, США, странами ЕС.

Активное взаимодействие налажено со странами региона: Кыргызстаном, Таджикистаном, Узбекистаном, а также с Азербайджаном и Арменией, с которыми ежегодно проводятся совместные учения и другие мероприятия оперативной и боевой подготовки, обмен опытом и обучение.

Продолжается практика обучения военных кадров по программам высшего и послевузовского образования в военных учебных заведениях (центрах) Турции.

Активизировано взаимодействие по линии боевой подготовки, в том числе подразделений специального назначения посредством участия в международных учениях на территории Турции и проведения тренингов и двустороннего учения на территории Казахстана.

Сохраняется положительная динамика и последовательность в развитии военного взаимодействия с США в рамках Пятилетнего плана сотрудничества на 2023-2027 годы.

Сотрудничество направлено на углубление взаимодействия в сферах подготовки военных кадров, совершенствование военного образования, обмен информацией в области региональной безопасности, укрепление миротворческого потенциала, а также развитие и последующий вывод на региональный уровень центров по подготовке инженерно-саперных и военно-медицинских подразделений ВС РК.

Из стран Южной Азии Индия является нашим ведущим партнером в сфере миротворчества. Совместное развертывание казахстанских и индийских миротворцев в миссии «UNIFIL» доказало стратегический уровень взаимодействия между нашими странами.

Продолжается активное военное сотрудничество с индийской стороной в области военного образования (ITEK), боевой подготовки (КазИнд) и миротворчества.

Большое значение уделяется военному сотрудничеству с Пакистаном, который имеет большой опыт проведения боевых и специальных операций.

Совместное казахстанско-пакистанское контртеррористическое учение «Достарым» приносит большую пользу в обмене опытом по противодействию терроризму. Продолжается обучение казахстанских военнослужащих в Пакистане на курсовой подготовке.

Активизировано сотрудничество со странами Восточной Азии, прежде всего с Японией и Кореей.

На фоне укрепления азиатского вектора внешней политики Казахстана, Министерство обороны основной приоритет отдает военно-медицинской, миротворческой и военно-морской составляющим. Прорабатываются и другие направления, представляющие взаимный интерес (например, РХБЗ, инженерно-саперная подготовка, информационная безопасность).

Со странами Европы военное сотрудничество ведется в основном по линии военного образования и миротворческой деятельности.

Основные усилия в рамках взаимодействия с Великобританией традиционно направлены на укрепление миротворческого потенциала ВС РК – изучение английского языка, курсы миротворческой, инженерно-саперной и военно-медицинской подготовки.

В сфере миротворчества продолжается изучение опыта работы Учебного центра миротворческой подготовки ООН Вооруженных Сил Германии (УЦООН). Ведется работа по вовлечению инструкторского и консультативного потенциала УЦООН в разработку национального курса «Военные наблюдатели ООН», а также налаживание тесного взаимодействия между двумя родственными организациями.

Франция организовывает базовые курсы французского языка. Налажено взаимодействие между верификационными центрами Казахстана и Франции, в том числе организовываются совместные инспекционные мероприятия в рамках ВД-2011 и рабочие встречи начальников верификационных центров вооруженных сил сторон.

Польша ежегодно предоставляет курсы английского языка. Налаживается военное и военно-техническое сотрудничество с Сербией.

Ряд казахстанских военнослужащих прошел курсовую подготовку в учебных центрах Италии по ведению разведки, безопасности, а также по оперативному планированию.

Успешным проектом в рамках миротворческой деятельности является прохождение службы казахстанских штабных офицеров в составе итальянского контингента в Штабе западного сектора миссии ООН в Ливане.

Одним из наиболее интересующих направлений сотрудничества ВС РК является горная подготовка и изучение методов подготовки итальянских водолазов.

В соответствии с внешнеполитическими приоритетами Казахстана, отраженными в «Концепции внешней политики на 2020-2030 годы», приоритетами в области региональной и многосторонней дипломатии являются укрепление отношений с Лигой арабских государств.

С Объединенными Арабскими Эмиратами и Государством Катар создана нормативно-правовая база и функционируют рабочие (экспертные) группы по проработке взаимовыгодных проектов. Налаживается взаимодействие в области военного образования, боевой подготовки, РХБ защиты, кибербезопасности, обмена информацией, военного спорта и др.

СҰХБАТ

# ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМІ ОТБАСЫНДА ҚАЛЫПТАСАДЫ

*«Нағыз патриот ол – өз Отанын, туып-өскен жерін шынайы сүйетін, еліне адал қызмет ететін әрі мемлекет мүддесінің жолында өз мүддесін құрбан ететін адам». Отанға деген сүйіспеншілік жайында осындай ойын ортаға салған – Абай облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы полковник Руслан ОМАРОВ.*





**– Руслан Серікханұлы! Міндетті әскери қызметке азаматтарды шақыру қорғаныс істері жөніндегі басқармалардан басталады. Әңгімеміздің әлқиссасын әскерге шақыру жөніндегі мәліметтерден бастасақ.**

– 2024 жылы Абай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті арқылы әскери міндетті 700-ден астам азамат әскер қатарына шақырылды. Осынша адамды биыл да мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарда бар. Үкіметтің 2024 жылдың 26 қыркүйектегі қаулысымен ҚР Президентінің «Әскери міндеттілерді резервке және Қазақстан Республикасы азаматтарын 2024 жылы міндетті әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығын іске асыру туралы қаулысына өзгерістер енгізілгені белгілі. Түзетулер облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне шақыру комиссияларының жұмысын ұйымдастыруды, наурыз-маусым және қыркүйек айларында кейінге қалдыруға құқығы жоқ 18 бен 27 жас аралығындағы 40 202 азаматты әскерге шақыруды қамтамасыз етуді талап етті. Бұған дейін 2024 жылы 39 180 қазақстандықты әскерге шақыру жоспарланған болатын.

**– Ресми деректерге жүгінсек, 2022 және 2023 жылдары еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өткеру үшін 146 әскери бөлімге 52 мың жауынгер шақырылған екен. Бұл мерзімді әскери қызметтің артықшылығы көп, мүмкіндігі зор екенін көрсетсе керек.**

– Әрине. Мысалы, елімізде 2023 жылы мерзімді әскери қызметке тартылған 17 927 сарбаз үшін жоғары оқу орнында тегін оқуға 1500 грант бөлінді. Конкурсқа қатысқан сарбаздарды іріктеудің ашықтығын «Срочник 2.0» цифрлық ақпарат жүйесі қамтамасыз етеді. Оған күш құрылымдарының 161 әскери бөлімі қызметтің барлық кезеңінде сарбаздардың үлгерімі мен тәртібі бойынша нәтижелерді енгізді. Нәтижесінде 1031 сарбаз әскери жоғары оқу орнына түсуге өтініш берді. Мерзімді әскери қызметті өтегендер үшін тағы бір мүмкіндік – запастағы офицер бағдарламасы бойынша әскери кафедраға конкурссыз қабылдану. Әскери кафедрада ол тегін оқи алады. Сондай-ақ, мерзімді әскери қызметке шақырылған сарбаздардың несиелері де автоматты түрде тоқтатылады. Кейінге қалдыру мүмкіндігі әскери қызметті өткеру кезеңінде және запасқа шығарылғаннан кейін екі ай ішінде қолданылады. Төлемдерді кейінге қалдыру авттоматты түрде проактивті форматта белгіленеді. Яғни, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге несие беретін ұйымдарға жүгінудің қажеті жоқ. Бұған қоса биылдан бастап білім беру жеңілдіктерін алуға қатысты жаңа талаптар енгізіледі. Екі бейіндік пән бойынша тестілеу қосылады. Одан басқа мемлекеттік грант берілген сарбаздар шәкіртақы алады. Алғашқы оқу жылында студенттердің жатақханасына орналасуына да басымдық берілмек.

**– Еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өтеу үшін «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты әскери гарнизондардағы әскери бөлімдерге қанша адам шақырылды?**

– «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдеріне 2023 жылдың екінші шақырылымында 1575 азамат шақырылды. Оның 1137-і түрлі жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдірді. Нәтижесінде 140 сертификат, оның 22-і жоғары әскери оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін ұсыным алды. 2024 жылдың бірінші шақырылымында шақырылған 1358 мерзімді әскери қызметшінің 814-і жоғары білім алуға өтініштерін жеткізген. Бұл шақырылымдағы жауынгерлер үшін жоғары оқу орнында тегін оқуға бөлінер гранттың қорытындысы 2025 жылдың маусым айында белгілі болады. Бүгінгі күні әскери борышын өтеп келгендер саны 916-дан асса, әскери борышын өтеп жатқандар саны 1 мыңға жуықтайды.

**– Өткен жылы «Шығыс» тұраралық полигонында Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының қорғаныс істері жөніндегі басқармалары арқылы шақырылған запастағы офицерлер, әскери міндетті сержанттар мен сарбаздар қатысқан әскери міндеттілердің оқу жиынының басы-қасында өзіңіз жүрдіңіз. Биыл да осындай жиын бола ма?**

– Қорғаныс министрлігінің жауынгерлік дайындық жоспарына сай еліміздегі әскери міндеттілердің жиыны 2007 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Бұған дейін Отан алдындағы әскери борышын өтеген азаматтар жауынгерлік әзірлік, әскери іс, әскери қару-жарақ пен техниканың ерекшеліктеріне теориялық және практикалық негізде қайта оқытылады. Сержанттар мен сарбаздар 50 жасқа дейінгі, офицерлер 60 жасқа дейінгі құрамда қайта дайындықтан өтеді. Оқу жиынының кестесі 30 күнге бекітілген. Еліміз бойынша 2023 жылы әскери міндеттілердің оқу әскери жиынына 1500 адам шақырылса, 2024 жылы олардың саны екі есеге артты. Себебі, бұл бағытта жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп көптеген жұмыс жүргізілді. Запастағы әскери міндеттілердің оқу әскери жиыны – ол қалыптасқан дағдыларды нықтап, жаңартып, әскердегі тапшы мамандықтар бойынша жаңа әдістерді үйренуге жақсы мүмкіндік. Биыл да жиын ұйымдастырылып, 3 мың әскери міндетті шақырылады.

**– Өткенге баға бермей, болашақты болжау мүмкін емес. 2024 жылдың еншісінде қалған іс-шаралардың бірқатарын атап өтсеңіз.**

– 2024 жылы еліміз аймағындағы су тасқыны кезінде Абай облысы жергілікті әскери басқару органдарының жеке құрамы көп көмектесті, гуманитарлық жүк те жіберді. Белсенділік танытқаны үшін Абай облысынан мерзімді қызметтегі 9 әскери қызметші ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтан қол сағатын алды. Жергілікті әскери басқару органдары «Таза Қазақстан» экологиялық акциясынан да қалыс қалмады. «Семей орманы – менің орманым» экологиялық акциясында 5 мыңға жуық көшет отырғызды. «Таза Қазақстан» жобасының негізінде «Абай қырандары» әскери-патриоттық клуб мүшелерімен бірге Семейдегі қарттар мен мүгедектер үйінің ауласын да қоқыстан тазалады.

**– Полковник мырза! Мемлекет басшысы – еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында соғыста қаза тапқандарды ұмытпай, қаһарман ерлеріміздің рухына тағзым ету, ел ішінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау баршаға ортақ парыз екенін атап өтті. Адамзат тарихында бұрын соңды болмаған сұм соғыстың оты 40 елдің территориясын шарпығаны шындық.**

– Расында, 1939-1945 жылдары соғысқа 1,5 миллион қазақстандық аттанды. Олар соғыстың алғашқы күнінен бастап барлық майданда фашистік Германияға қарсы кескілескен шайқастың алдыңғы шебінде болды. Шамамен 603 мыңға жуығы ұрыс даласынан оралмай, 271 мыңнан астам солдат пен офицер із-түссіз жоғалып кетті. Бұрынғы Семей облысында 330-шы гвардиялық және 8-ші атқыштар дивизиялары, көптеген әскери бөлімдер жасақталып, майданға 100 мыңға жуық адам шақырылды. Кеңес Одағы бойынша ең жоғарғы атақты алған 12 мыңнан астам адамның 103-і – қазақ. Мәселен, семейлік 53 адам Кеңес Одағының батыры атанса, 12 адам үшінші дәрежелі Даңқ орденімен, 30 мыңнан астамы орден-медальдармен марапатталды. Қазір Абай облысында Ұлы Отан соғысының 4-ақ ардагері қалды. Ел басына күн туғанда Отан үшін от кешкен батырларды мәңгілік ету – баршамыздың борышымыз.

**– Яғни, өскелең ұрпақты Отанға қызмет етуге адалдық рухында тәрбиелеу мақсатындағы шаралар одан әрі жалғаса бермек қой?**

